

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ	
қосымша толықтырулармен	
7 ақпан 2013жыл	Астана қаласы

2013 жылғы 25 қаңтарда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ («ҚМГ» және «КонокоФиллипс Петролеум Холдингз Б.В.» («КОФ») «Н Блок Б.В.» компаниясының 100% акциясын сатып алу бойынша мәмілені аяқтады.

Осы мәміле нәтижесінде ҚМГ Н жобасындағы жер қойнауын пайдалану құқығының 75,5% және «Н Оперейтинг Компани» ЖШС-дағы 75,5% қатысу үлесін иеленді.

Қол қойылған Н жобасы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес ҚМГ 75,5% қатысу үлесімен және МДК (Ойл & Газ Н Блок Қазақстан) ГмбХ – 24,5% қатысу үлесімен жобаның қатысушысы болды.

ҚМГ-нің Н жобасындағы үлесінің ұлғаюы Ұлттық компанияның Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы теңіз геологиялық барлау жобаларындағы рөлінің күшеюі бойынша жоспарлы қадамын көрсетіп отыр.

«Н Блок Б.В.» компаниясының 100 пайыз акциясын сатып алу ҚМГ үшін табысты және коммерциялық тартымды мәміле болды», деп хабарлайды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ.

Бұл келісімнің құны жоба шеңберінде КонокоФиллипс компаниясы ұшыраған тарихи шығыннан және активтің бағаланған нарықтық құнынан айтарлықтай аз.

«Gaffney, Cline & Associates» компаниясы жүргізген аудитқа сәйкес, Н учаскесіндегі шартты ресурстар қоры 244 млн. тонна, мұнайдың шартты қоры 31,5 млн. тонна және газдың шартты қоры 19 млрд. текше метр. Оператор Ракушечный-море және Оңтүстік Нұрсұлтан құрылымдарында екі барлау ұңғысын бұрғылады. Ракушечный-теңіз құрылымы бойынша ҚР құзырлы органдарының келісімі негізінде бағалау жұмыстары кезеңіне өту жүзеге асырылды. Бұл құрылымда мұнай өндіруді 2018-2019 жылдары бастау жоспарланған. ҚМГ Н. учаскесінде көмірсутегі шикізатын барлау және бағалау бойынша геологиялық барлауды жалғастыруды көздеп отыр. Жоғарыда аталған құрылымдардан басқа, геологиялық барлау жұмыстарын одан әрі жүргізу үшін Эл-Фараби, Самал, Сарыарқа, Шығыс Нұрсұлтан және Солтүстік Нұрсұлтан сияқты болашағы үлкен бірқатар учаскелер бөлінді.

«Н» жобасы оған толықтыруларымен қоса 2009ж.29.05 «Н» учаскесі бойынша көмірсутегі шикізатын барлауға және өндіруге арналған келісімшарт болып өзгертілген 2007ж.29.12 №2546 Өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес іске асырылуда. Ракушечное-море құрылымы бойынша бағалау жұмыстары кезеңіне өту жүзеге асырылды. Нұрсұлтан құрылымында жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша ҚР Мұнай және газ министрлігіне көмірсутегілердің табылу ықтималдығы туралы хабарлама жіберілді.

«Н Оперейтинг Компани» ЖШС – Н жобасын іске асыру үшін құрылған компания (Қатысушылары ҚМГ 75,5% және МДК (Ойл & Газ Н Блок Казахстан) ГмбХ – 24,5% қатысу үлесімен)

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.

Қоғаммен байланыс қызметі	Пресс-служба	Press Office
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976276 www.kmg.kz	